



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

байқауға болады.[3]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ч.Ч.Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Главная редакция КСЭ, А. 1985.
2. Э.М.Мурзаев. Чокан Валиханов как географ. Изв.АН СССР,серия геогр. №6, 1965.
- 3.Ә.Бірмағамбетов. Ш.Уәлихановтың Қазақстандағы географиялық зерттеулері. “Қазақстан мектебі”, №6, 1980.

ӘОЖ 348.38.23

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ ЖАЙЛЫ

Наметова Перизат, Кабдоллаева Дана

perizat_nametova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, тур-33 тобының студенті. Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Гиззатжанова А.Г.

Қазіргі таңда, туризмді әркім әртүрлі түсінсе керек. Біреулер үшін ол бизнес, ақша табудың қайнар көзі болса, басқалары үшін демалу, емделу, я болмаса көңіл көтеру болып табылады. Қалай десек те, барлығы дерлік дұрыс. Уақыт мерзімі, арақашықтық, тұрғылықты орны, мақсат және келудің ұзақтылығы – мұның бәрі туризмнің айрықша элементтері ғана. Бүтіндей алғанда, туризм көпмақсатты феномен болып табылады, мысалы, әр түрлі оқиғалар, алыс саяхаттағы романтикалар, белгілі бір құпиялар, экзотикалық жерлерді көру және осылармен қоса жүретін денсаулық, жеке қауіпсіздік, мүлікті қорғау, кәсіпкерлік жұмыстары және т.б. сұрақтарды қамтиды. Ал, туризмді экономикалық тұрғыдан қарастыратырып көрейік.

Туризм – бизнестің ең табысты да, қарқынды дамып келе жатқан түрлерінің бірі. Бұл индустрияның үлесіне әлемдік тауарлар мен қызметтер экспортының 8%-ы сәйкес келеді.

Туристік ресурстарымыз мол болғанымен, сол өнімдеріміздің шет елдерде насихатталмағандығы және жарнаманың дұрыс деңгейде болмағандығы оны экспорттауға кедергі жасап отыр. Бұл бағытта билік тарапынан көптеген шаралар жүзеге асырылуда, атап айтқанда - әртүрлі халықаралық жәрмеңкелерге қатысу, өз еліміз шеңберінде көрмелер мен жәрмеңкелерді ұйымдастыру, сонымен қатар экологиялық туризмді насихаттайтын туристік фестивальдар мен акцияларды жүзеге асыру.

Қалай болған күннің өзінде, туристік саланың кем-кетіктері де аз емес. Сол кемшіліктерді оңалтуға да айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалуының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады. Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының тарапынан туристік қызметті басымдық деп танымауы саланы дамытуды тежеуші фактор болып табылады.

Туризм дамуындағы түйінді мәселенің бірі туристік кадрлар даярлау болып табылады. Қазіргі уақытта, Қазақстандағы мемлекеттік, жеке және ресейлік филиалдарды қосқанда, туризм менеджрлерін даярлайтын 28 жоғары оқу орны бар. Қазақстанда мұндай кадрлар даярлаудың негізі 1992 жылы қаланғандығына қарамастан, туристік саланы мамандармен қамтамасыз ету әлі күнге дейін қанағаттанғысыз жағдайда қалып отыр.

Кадрларды даярлау мен ғылыми қамтамасыз ету

Қызмет көрсетумен байланысты және табыстылығы едәуір дәрежеде осы салада жұмыс істейтін кадрлардың сапасына байланысты болатын қызмет - туризмде адамдар ресурсын

жоспарлау айрықша мәнге ие.

Қазақстандағы тиімді туристік салаға сәйкес кадрлар әлеуетін қалыптастыру үшін:

1) туристік кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарында туристік қызметтің әртүрлі қажеттілігі мен даму деңгейін ескере отырып, мамандануын анықтау;

2) мамандарды оқытуда олардың отандық туристік ресурстарды игеруіне, оларды пайдалану әдістеріне, жаңа ақпараттық технологияларды білуіне, тілдік дайындауға негізінен иек арту;

3) бұдан бұрын таратылған балалар мен жасөспірімдер туризмінің республикалық және аймақтық станцияларын қайта қалпына келтіру;

4) жаңа буындағы "Туризм" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімнің мемлекеттік стандартын әзірлеу;



Сурет 1. Қазақстан Республикасында туризмді дамытуға кедергі ететін негізгі экономикалық факторлар

Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалуының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады. Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының тарапынан туристік қызметті басымдық деп танымауы саланы дамытуды тежеуші фактор болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген проблемамен қатар саланың өнімдерін сыртқа шығаруға теріс

ықпалын тигізетін келесідей проблемалары бар:

- индустриядағы менеджменттің әлсіздігі,
- материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі және инфрақұрылымның ескіргендігі, - мамандар біліктілік деңгейінің төмендігі және т.с.с. кішігірім проблемалар.

Туризм инфрақұрылымын дамыту.

Республикада жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық өмірді реформалау туризмді және оның инфрақұрылымын толық қамти қойған жоқ. Туризмнің материалдық базасының нашарлығынан Қазақстан жыл сайын миллиондаған долларды жоғалтуда, бұл туристік салаға күрделі қаржыны, сондай-ақ отандық және шетелдік инвесторлар қаражатын тартуды қажет етеді.

Ұлттық туристік өнім ерекшелігін ескеріп, тұрақты туристер ағынын қамтамасыз етуге қабілетті елдің туризм инфрақұрылымын дамыту үшін:

1) жалпы пайдалану және туристік мұқтажды қанағаттандыру үшін жол-көлік инфрақұрылымын дамыту;

2) ілесіп инфрақұрылымды: қолданыстағы және ықтимал туристік аймақтардағы сумен, электрмен жабдықтау, кәріздер және қатты қалдықтарды жою жүйесін, телекоммуникацияларды дамыту;

3) туристік кешендерді, этнографиялық мұражайларды және демалыс аймақтарын құру;

тарихи-мәдени және этнографиялық ескерткіштерді қалпына келтіру және мұражайға айналдыру;

4) жыл бойы пайдаланылуын ескере отырып, туристік объектілер жобаларын оның ішінде орташа және шағын орналастыру құралдарын жасау және оларды салу.

Маркетинг стратегиясын әзірлеу

Ұлттық туристік өнім және оны дамытудың әлеуетіне сәйкес маркетинг стратегиясын әзірлеу қажеттілігі бар.

Маркетинг стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекет мынадай міндеттер белгілеп отыр:

- ұлттық туристік өнімді жылжытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану;
- Қазақстанды ерекшелейтін сипаттамаларға және артықшылықтарға негізделген маркетингтік іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- сапалы туристік қызмет көрсетуді ұсынатын туристік орталық ретінде Қазақстан туралы туристер жіберілетін негізгі елдерде жағымды пікір қалыптастыру;
- ел аумағында орналасқан көрнекті туристік орындар мен объектілердің бүкіл ауқымын әлемдік рынокқа жылжыту;
- рыноктың жаңа сегменттерін айқындауға бағытталған зерттеулер жүргізу;
- туризмді дамытудың тұрақты сипатын насихаттау қажет.

Қазақстан шетел нарығында табан тіреп, туризм саласын мақтан тұтатын мемлекеттер қатарынан көрінуі үшін, аталған факторларға көңіл бөліп, проблемалар көзін жоюға тырысуы қажет. Мемлекетіміз әлі жас болғандықтан алдағы уақытта көптеген өзгерістерді бастан өткеретіні айдан анық. Туризм саласына қазіргіден де көбірек көңіл бөліп, инфраструктурасының жақсаруына ықпалын тигізгені абзал. Қайткенде де, туризм саласына айтарлықтай еңбегі сінетін кадрлар саны жылдан-жылға көбейе түсетіндігіне сенім білдіреміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Авдокушин Е.Ф. Международные экономические отношения: Учеб. Пособие.-М.: ИВЦ Маркетинг, 1996.
2. Доғалова Г.Н. Халықаралық экономика :Оқуқұралы — Алматы: Экономика, 2000. — 886.
3. Үкіметінің Актілер жинағы, - 2001.-№3.- 10-33
4. Исмаев Д.К. Основы стратегии и планирования маркетинга в иностранном туризме

'Высшая школа по туризму и гостиничному хозяйству М.; 1994ж

5. Байгісіев М. Халықаралық экономикалық қатынастар: Оқу құралы.-Алматы: Санат, 1998.-192б.

6. Кешенова Б.А. Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2000-328б

7. Азар В.И., Туманов С.Ю. Экономика туристского рынка. М., 1998ж

8. Бабин Э.П. Основы внешнеэкономической политики.-Учеб. Пособие.-М: ОАО Экономика, АОЗТ МИКО, 1997.

9. Алрисаков М.Б. Введение в туризм 1999ж

10. Друкер, Питер Ф. Нарық: топжарып, алғашығу: Практика мен принциптер. / Орыстілінен аударғандар Р.Шаймерденов, Н. Бөлекбаев.-Алматы: Білім, 1994-320б.

11. Дурович А.П., Копанев А.С. Маркетинг в туризме: Учебное пособие Минск: 1998ж

ӨОЖ 338.48:659.1(574)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК НЫСАНДАР АРҚЫЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нурғали Абылайхан, Қалиев Ақсұлтан

mega.khan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Туризм кафедрасының 1 курс
студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Б.Шарапаева

Туризм бұл әлемдік қаржы айналымының 12 % құрайтын экономиканың ажырамас саласы. Көптеген елдерде туризм индустриясы ел бюджетінің негізгі үлесін құрайды, және сол елдің экономикасы тек бір салаға ғана, яғни туризм саласына ғана бағытталған. Демек керемет табиғатымен әлемге танылған Қазақстанның да туризм саласынан алар белесі алда. Ол үшін елімізге әлем таңғаларлықтай туристік бренд қажет. Және де біз сол бренд ретінде Алматы облысының көркем жерлерін, Шарын шатқалы мен Шымбұлақ тау-шаңғы демалыс аймағын ұсынамыз.

Жалпы туристік брендтің не екеніне анықтама бермес бұрын, біз осы туризм саласының актуальділігі жайлы жазып кетсек, туризмнің қазіргі әлемдік экономикадағы алатын орны жайлы ой толғасақ. Сөз басында елбасымыздың болашаққа қойған стратегияларында туризм саласын дамытуды мақсат етіп қойғандығын айта кеткіміз келеді. Ол өзінің «Нұрлы жол» жолдауында туризм саласына аса назар аударып, оны жіті бақылауға алу керегін айтады, әсіресе туризмде инфрақұрылымды дамытуды атап өткен болатын.

Бүгінгі әлемдегі нарықтық заманда туризмнің кез келген ел экономикасына қосатын үлесі өте зор. Соның ішінде халықаралық туризмнің алатын орны ерекше. Әлемдегі туризмі дамыған елдердің барлығы экономикалық тұрғыдан өте жоғары дамыған. Оған мысал 1950 жылдары АҚШ-да туризмнен түсетін қаржы не бәрі 2,1 млрд долларды құраса, қазіргі уақытта ол 444,7 млрд долларды құрауда. Бұл туризмнің қарқынды дамып, ел экономикасына пайда әкелетінінің нышаны. Туризмнің дамуы туристен тек ақша ғана әкеліп қоймай, оған қоса жаңа жұмыс орындары мен елге инвестиция салуға жарнамалық қадам болып табылады. Туризмнен келетін кірістегі аудан бойынша статистикаға назар аударсақ алғашқы орында Европа, Америка және Тынық мұхиттық Азия елдері жатады. Көріп отырғандай бұл аймақтарда экономикалық дамыған мемлекеттер, яғни АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Италия, Испания, Ұлыбритания және Аустралияны көреміз. Енді тағы бір керемет статистикаға тоқталып кетсек әлемдегі әр бір 10 шы жұмыскер туризм индустриясында жұмыс жасайды. 2013 жылғы статистика бойынша туризмнің жалпы кіріс мөлшері 1100 млрд долларды құрады. Ал 2013-2014 жылғы статистикаға сүйенсек әлем бойынша саяхаттаған туристер саны 1 млрд 087 млн адамды құрайды. Бұл да туризм